

ҚҰРМЕТТІ 3 КУРС СТУДЕНТІ!

Академиялық күнтізбеге сәйкес, 5-ші семестр 2025 ж. 02 қыркүйектен 19 желтоқсанға дейін болады.

Қысқы емтихан сессиясы 22 желтоқсан 2025 жылы 02 қаңтар 2026 жылы аралығында өтеді.

Қысқы демалыс (каникул) 2026 жылдың 05-16 қаңтарына дейін.

3 курста емтихандар Емтихан кестесіне сәйкес келесі **МІНДЕТТІ ПӘНДЕР** бойынша өтеді:

- **Есеп және аудит (қазақ/орыс бөлімі):** Қаржылық есеп (курстық жұмыс)/ (билет), Экономикалық талдау және қаржылық есептілікті талдау (билет), Аудит (билет), Дене шынықтыру (билет-ауызша).
- **Банк және сақтандыру ісі (қазақ/орыс бөлімі):** Банктегі есеп (билет), Экономикалық талдау және қаржылық есептілікті талдау (билет), Банк операциялары (курстық жұмыс)/(билет), Дене шынықтыру (билет-ауызша).
- **Менеджмент (қазақ/орыс бөлімі):** Ұйымдағы менеджмент (курстық жұмыс)/ (билет), Ұйымды басқару (билет), Қаржы менеджментінің негіздері (билет), Дене шынықтыру (билет-ауызша).
- **Маркетинг (қазақ/орыс бөлімі):** Маркетинг (курстық жұмыс)/(билет), Халықаралық маркетинг (билет), Тауартану (билет), Дене шынықтыру (билет-ауызша).
- **Құқықтану (қазақ/орыс бөлімі):** Азаматтық іс жүргізу құқығы (билет), Еңбек және әлеуметтік қорғау құқығы (билет), Қылмыстық құқық (курстық жұмыс) / (билет), Қылмыстық іс жүргізу құқығы (билет), Дене шынықтыру (билет-ауызша).
- **Бағдарламалық қамтамасыз ету (орыс бөлімі):** Бағдарламалау технологиясы (курстық жұмыс)/ (билет), Жоғары деңгейлі тілдерде бағдарламалау (билет), Компьютерлік желілер және желілік әкімшілендіру (билет), Дене шынықтыру (билет-ауызша).

Жұмыс оқу жоспарында сараланған бақылау жұмыстары қарастырылған барлық қалған пәндер бойынша баға орташа аралық бақылау (Рср) негізінде шығарылады (**екі САБ қосындысының орташа мәні 50 балл және одан жоғары**).

Ескертпе 1:

Қандай жағдайларда студент қысқы сессияға жіберілмейді:

1. Екі САБ қосындысының орташа мәні 50 баллдан төмен студент – тиісті пәндер бойынша **ҚАЙТАЛАУ КУРСЫНА** қалады (Мысалы: 1 САБ-20, 2 САБ-40, жалпы қосындысының орташа мәні екі САБ 30, яғни 50-ден аз).
2. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартына сәйкес оқу ақысын толық төлемеген (сонымен қатар қосымша курс оқуларын төлемеген) **студент емтиханға жіберілмейді**. Бұл ретте сессияға рұқсат тек қаржылық қарызды өтегеннен кейін ашылады, әйтпесе **ҚАЙТАЛАУ КУРСЫНА** қалады.

Ескертпе 2:

- 1) Емтиханға себепті жағдаймен келмеген студент (ауру туралы анықтама) Оқу бөлімінің өкіміне сәйкес басқа күні емтиханды тегін тапсыру мүмкіндігін алады. Бұл ретте студент себепті жағдайын растайтын құжатымен бірге өтініш жазуы керек.
- 2) Емтиханға себепсіз жағдаймен келмеген студент Оқу бөлімінің өкіміне сәйкес емтиханды басқа күні ақылы негізде тапсыруға мүмкіндігі бар. Бұл ретте ол міндетті түрде емтихан тапсыруға өтініш жазып, төлемнің түбіртек көшірмесін бірге тапсыруы керек.
- 3) Емтиханға белгілі бір себеппен немесе себепсіз келмеген студенттер емтиханды Оқу бөлімінің арнайы кестесі бойынша тапсырады.
- 4) Емтиханды қайта тапсыру, алғашқы тапсыру туралы өтініш Оқу бөліміне түбіртекпен/ анықтамамен беріледі.
- 5) Студент емтиханды қайта тапсырған жағдайда үздік дипломға үміткер бола алмайды.

Апелляция

Студенттер екі жағдайда апелляцияға бере алады:

1. Жазбаша жұмыстардың мазмұнына қарай.
2. Дұрыс емес сұрақтарға байланысты апелляция: Егер сұрақтар тізімінде екі немесе одан да көп дұрыс жауаптар болса немесе дұрыс жауаптар болмаса, онда сұрақ дұрыс емес деп есептеледі.

Студент осы мәселелерді анықтаған жағдайда апелляциялық комиссияға пәнді және дұрыс емес сұрақты көрсете отырып, өтініш береді.

Апелляциялық комиссия өтінішті емтиханнан кейінгі келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылдайды.

Содан кейін апелляциялық комиссия екі жұмыс күні ішінде студенттің сұрағына жауап береді.

test@college-narxoz.kz